

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

Нұржан Қымбат Нұртілеуқызы

kimbatnk@mail.ru


Экономика мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бержанова Айгуль Мухамбетовна

Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының солтүстігінде орналасқан. Батысында Қостанай облысымен, оңтүстігінде Ақмола облысымен, оңтүстік-шығысында Павлодар облысымен шектеседі. Солтүстігінде Ресей Федерациясының үш облысымен (Тюмень, Омбы және Курган) ортақ шекарасы бар. Әкімшілік орталығы – Петропавл қаласы. Облыс 13 ауданнан, 1 облыстық маңызы бар қаладан (Петропавл) және 4 аудандық маңызы бар қаладан (Булаево, Мамлютка, Тайынша, Сергеевка) тұрады.

Солтүстік Қазақстан облысы – елдің басты астығы, жетекші экономикалық аймағы болып табылады. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп жақсы дамыған. Мұнда теміржол және өзен магистральдары өтеді. Жер қойнауы тас пен қоңыр көмірге, темір мен мыс рудасына, бокситке, алтынға өте бай. Отын-энергетика, тау-кен өндіру, машина жасау салалары дамыған, мұнай өңдеу, феррокорытпалар, алюминий, тракторлар өндіру кәсіпорындары бар. Агроөнеркәсіптік кешен аймақ экономикасында маңызды орын алады. Егіс алқабының төрттен үш бөлігі дәнді дақылдарға бөлінген. Аймақ техникалық дақылдардың негізгі өндірушісі болып табылады. Тамақ өнеркәсібі де дамыған. Осы ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің дамуы шағын және орта кәсіпкерлікті алға жылжытуда. Соңғы жылдары облыста кәсіпкерлер саны 2,7 мыңға артты, 5 жылда ШОК өнімін шығару 2 есеге, 374 млрд теңгеден 776 млрд теңгеге дейін өсті. Айта кету керек, бюджеттің кіріс бөлігінде ШОК салықтарының үлесі 49%-дан 61%-ға дейін өсті. Онымен қоса, алда жүзеге асырылатын көптеген жобалар бар, олар көрсеткіштерді жақсарту үшін берік негіз жасайды. Солтүстік Қазақстан облысы инвесторлар үшін тартымды болып отыр. Инвестиция көлемінің өсуі 12%-ды құрайды, 286 млрд теңгеден 320 млрд теңгеге дейін артқан [1].

Солтүстік Қазақстан облысында шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға көп көңіл бөлінеді. Осы мақсатта өңірде «Бизнестің жол картасы-2025» және «Өңірлерде стартап жобаларды инкубациялауды дамыту» бағдарламасы шеңберінде инкубациялық бағдарлама өткізу бағдарламалары табысты іске асырылуда. Қазіргі уақытта өңірде ШОК қарқынды дамуда, оны біз төменгі кестелерден көре аламыз.



Сурет 1. Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны, бірлік

Суреттен көріп отырғанымыздай, Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2017 жылдан бері артып келеді. 2018 жылда 5,01%-ға, 2019 жылда 3,80%-ға, 2020 жылда 0,86%-ға артып, 2021 жылда -0,34%-ға кеміген болатын. Ал бұл шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің құрылымына тоқталатын болсақ, төменгі суретке назар аударайық.




Сурет 2. Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің құрылымы, бірлік

Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 2021 жылға 30 228 бірлікті құрады. ШОК құрылымында жеке кәсіпкерлер ең көп үлесті 65% (19 548 бірлік) алады, одан кейін шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары 20% (6 142 бірлік), шаруа (фермер) қожалықтары 15% (4 419 бірлік) иеленіп тұр. Ең аз мөлшерді орта кәсіпкерлік кәсіпорындары 119 бірлікпен алып тұр [2].



Сурет 3. Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары саны, бірлік


Ал, жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының экономикалық қызмет түрлері бойынша санына келетін болсақ, барлық кәсіпкерлік субъектілерінің 33,1%-ы көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеуде, 19,4%-ы ауыл, орман және балық шаруашылығында және 9%-ы өнеркәсіп саласында жұмыс атқарады.



Сурет 4. Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны, адам

Берілген суреттен шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылған адамдар санын көре аламыз. 2019 жылдан 2020 жылға жұмыскерлер саны 1 019 адамға азайып, -2,47%-ға төмендеген болатын. Ал 2020 жылдан 2021 жылға 793 адамға артып, 1,97%-ға көбейді. Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандардың экономикалық қызмет түрлері бойынша санына келетін болсақ, барлық адамдардың 28,6%-ы ауыл, орман және

балық шаруашылығында, 23,2%-ы көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеуде және 14,5%-ы өнеркәсіп саласында жұмыс атқарады.



Сурет 5. Шағын кәсіпкерлік барлық субъектілерінің өнім шығарылымы, млн теңге

Берілген суреттен шағын кәсіп кәсіпкерлік барлық субъектілерінің өнім шығарылымын көре аламыз. 2019 жылдан 2020 жылға өнім шығарылымы 32 387 млн теңгеге артып, 9,12%-ға көбейген болатын. Ал 2020 жылдан 2021 жылға 54 511 млн теңгеге артып, 14,07%-ға көбейді. Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының барлық субъектілерінің өнім шығарылымының 30,8%-ын ауыл, орман және балық шаруашылығы, 23,2%-ын көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу және 20,3%-ын өнеркәсіп саласы беріп отыр [3].

Жалпы, Солтүстік Қазақстан облысында ШОК дамуда және негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы сақталуда. Оған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары өз септігін тигізуде. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары бойынша «Кәсіпкерлікті дамыту үшін «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кәсіпкерлердің кредиттері бойынша кепілдік беру, жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру, сондай-ақ бизнес субъектілеріне қажетті инфрақұрылымды жеткізу көзделген. Онымен қоса, «Өңірлерде стартап жобаларды инкубациялауды дамыту» бағдарламасы жүргізілуде.

Қорытындылай келе, облыстың негізгі экономикалық көрсеткіштері ағымдағы жылдың қорытындылары бойынша оң динамиканы көрсетіп отыр. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларын табысты іске асырудың арқасында өңірде өндірілетін отандық тауарлардың көлемі ұлғайды, олардың ассортименті кеңейді. Еліміздің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету жеке кәсіпкерліктің, бірінші кезекте, шағын және орта кәсіпкерліктің жай-күйі мен даму деңгейіне байланысты екенін барлығымыз білеміз. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруға, бәсекеге қабілетті тауарлар өндірісінің ауқымы мен көлемін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Солтүстік Қазақстан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 қыркүйектегі № 562 қаулысымен бекітілген.

2. Г. Бурибаева, Ф. Сарсекеев, А. Оспанов, Б. Имашев «Отчет о состоянии развития малого и среднего предпринимательства в Казахстане и его регионах». Нур-Султан, 2021 г., выпуск № 13. 100 стр.

3. Қазақстан Республикасындағы 2017-2021 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлігі жөнінде статистикалық жинақ

УДК 331.56 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

Нұрпеис Кәусәр Русланқызы

Бакалавриат студент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Астана қаласы, Қазақстан

E-mail: nrpeiskusr@gmail.com

Жетекші: Молдашов Нұртай Оразалыұлы

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстан Республикасының дамуына өз үлесін қосатын адами капиталдардың бірі қарастырылған. Әдетте адами капитал десе біздің ойымызға қаржы, байлық, ақша, күн, мұнай, газ және алтын сияқты бағалы заттар мағынасында түсінік келеді. Бірақ, бүгінгі күні адами капитал дегеніміз адам бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, даналығы, іскерлігі, бүгінгі бәсекелестік замандағы оның адамдық, кәсіби құндылығы. Ал бұл мақалада нақтырақ айта кеткенде, жұмыссыздық, оның түрлері туралы қарастырылды. Сонымен қатар, әйелдер мен жастар арасындағы жұмыссыздықтың пайда болу себептері және жастар арасындағы жұмыссыздықтың қазіргі таңда азаю себептері қарастырылды. Кейбір деректер салыстырмалы кесте түрінде де қарастырылды. Одан бөлек, елдегі жұмыссыздықты азайтатын және де сапалы жұмыспен қамтамасыз ететін бірнеше бағыттар ұсынылды.

Кілт сөздер: Жұмыссыздық, адами капитал, еңбек, экономика, қоғам, қаржы, экономист, нарық, шаруашылық, кәсіп.

Адами капитал-адамның еңбек ету мүмкіндігін, еңбек өнімділігі мен сапасын көтеретін біліктілік пен қабілетке салынатын капитал. Адами капиталдың бір бөлігіне бізге жұмыссыздық жатады. Және де бүгінгі менің қозғайтын тақырыбым-осы жұмыссыздық туралы.

Жұмыссыздық – елдегі жұмысқа қабілетті азаматтардың кей бөлігінің өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай қиналатын әлеуметтік -экономикалық құбылыс. Кез-келген қоғамдағы жұмыссыздық құбылыстары сипатына байланысты : құрылымдық, фрикциялық және циклдік болып үшке бөлінеді.

Құрылымдық жұмыссыздық – жұмыс барысында болатын өзгерістер салдарынан пайда болатын құбылыс. Бұл жағдайда маман өзінің кәсібіне сұраныстың жоқтығынан не болмаса жұмыс істеу үшін жеткілікті біліктіліктің жоқтығы салдарынан жұмыссыз қалады.

Фрикциялық жұмыссыздық- қызметкерлердің жұмыс орнын -өз еркімен ауыстыруымен және жұмыстан уақытша босау кезеңдерімен байланысты (қызметкерлердің бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысқан кездегі уақытша жұмыспен қамтылмауы) құбылыс.